

Болгария Республикасының Президенті Георги Пырвановтың Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 22 қыркүйектегі N 223-ө өкімі

Қазақстан Республикасы мен Болгария Республикасы арасындағы екі жақты ынтымақтастықты нығайту және 2003 жылғы 25-27 қыркүйекте Астана және Алматы қалаларында Болгария Республикасының Президенті Георги Пырвановтың Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі 2003 жылғы 25-27 қыркүйекте Астана және Алматы қалаларында Болгария Республикасының Президенті Георги Пырвановтың Қазақстан Республикасына ресми сапарын (бұдан әрі - сапар) дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша):

қосымшаға сәйкес Болгария Республикасы делегациясының мүшелерін орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету жөнінде қажетті шарапалар қабылдауды ;

2003 жылға арналған республикалық бюджетте "Ресми делегацияларға қызмет көрсету" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен сапарды және бизнес-форумды өткізуге арналған шығыстарды қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) Болгария Республикасының делегациясы мүшелерінің әуежайлардағы, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, сондай-ақ жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі
белгіленген тәртіппен :

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен бірлесіп, Болгария Республикасының Президенті Георги Пырвановтың арнайы ұшағының Қазақстан Республикасы аумағының үстінен ұшып өтуін, Астана және Алматы қалаларының әуежайларына қонуын және олардан ұшып шығуын;

Астана және Алматы қалаларының әуежайларында арнайы ұшаққа техникалық қызмет көрсетуді, тұрағын және жанаармай құюды қамтамасыз етсін.

5. Алматы қаласының әкімі:

Болгария Республикасының Президенті Георги Пырвановтың құрметіне Алматы қаласында қабылдау үйымдастырын;

Қазақстан Республикасының Индустрія және сауда министрлігімен бірлесіп, Қазақстан Республикасы мен Болгария Республикасының мұдделі мемлекеттік органдары өкілдерінің, кәсіпкерлерінің қатысуымен бизнес-форумды үйымдастырын.

6. Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігі сапардың бұқаралық ақпарат құралдарында жария етілуін қамтамасыз етсін.

7. Астана және Алматы қалаларының әкімдері Болгария Республикасының делегациясын қарсы алу және шығарып салу, Астана және Алматы қалаларының әуежайлары мен көшелерін безендіру жөніндегі үйымдастыру іс-шараларының орындалуын қамтамасыз етсін.

8. Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы (келісім бойынша) Астана және Алматы қалаларының әуежайларында Болгария Республикасының Президентін күтіп алу мен шығарып салу рәсіміне қатыссын, Қазақстан Республикасы Президентінің атынан қабылдау кезінде концерттік бағдарлама үйымдастырын.

9. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2003 жылғы 22 қаркүйектегі
N 223 өкіміне қосымша

**Болгария Республикасы ресми делегациясының
мүшелерін орналастыру, тамақтандыру және оларға
көліктік қызмет көрсету жөніндегі үйымдастыру
шаралары**

1. Болгария Республикасы ресми делегациясының мүшелерін (1+11) және бірге жүретін адамдарды Астана қаласында "Окан Интерконтиненталь - Астана" қонақ үйіне, Алматы қаласында "Риджент-Алматы" қонақ үйіне орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі қызметкерлерін "Окан Интерконтиненталь - Астана" және "Риджент-Алматы" қонақ үйлеріне орналастыру.

3. Баспа өнімдерін (бейдждер, автокөліктерге арнайы рұқсатнамалар, куверттік карталар, қабылдауға шақырулар) дайындау.

4. Болгария Республикасы делегациясының басшысы мен мүшелері үшін сыйлық және кәдес үйлар сатып алу.

5. Болгария Республикасының делегациясын Астана және Алматы қалаларының әуежайларында күтіп алу және шығарып салу кезінде шай дастарханын ұйымдастыру.

6. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың атынан Болгария Республикасының Президенті Георги Пырвановтың құрметіне Астана қаласында ресми қа拜лдау

ყ ы м д а с т ы р у .

7. Алматы қаласында Қазақстан Республикасының және Болгария Республикасының іскер топтары өкілдерінің қатысуымен бизнес-форум өткізуге қажетті залды, слайд-проекторды, компьютерді, ілеспе аудармаға арналған жабдықтарды, құлақшаларды, микрофондарды жалға алуға және минералдық сусын алуға

а қ ы

т ө л е у .

8. Ресми делегацияның мүшелеріне және бірге жүретін адамдарға медициналық қызмет көрсету.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК